

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

- Венчурлі инвесторлардың негізгі талаптарына сай келетін кіші инновациялық кәсіпорын санының жеткіліксіздігі;
- Венчурлі қорлар тарапынан біліктілігі жоғары мамандардың боламуы, сонымен қатар, ізденуші компаниялардың менеджмент жүйесінің әлсіз дайындығы.
- Венчурлі капиталдың қазақстандық көздерден құралмауы;
- Өнідірістік кәсіпорындар арасында бәсекелестіктің болмауы салдарынан инновацияға деген сұраныстың болмауы;
- Ғылыми зерттеулер және туындылардың нәтижелерін коммерциализациялаудың төмен деңгейі;
- Инновацияны дамыту институттарындағы қаржыландыру құралдарының жеткіліксіздігі.

Әдебиеттер

- 1 Барлыбаева Н.А. Национальная инновационная система Казахстана: перспективы и механизм развития. — Алматы: Институт экономики. — 2006. — 199 с.
- 2 Сексембаева С. В Казахстане расширяется количество венчурных фондов // <http://bnews.kz/ru/news/post/94985>
- 3 Гледстоун Д., Гледстоун Л. Инвестирование венчурного капитала - Дп.:1. balans bisnes buks. 2006.- С.416.
- 4 Финансирование Инновационного Развития. Сравнительный обзор опыта стран ЕЭК ООН в области финансирования на ранних этапах развития предприятий / Перевод с английского – СПб.: РАВИ, 2008
- 5 Отчет с рекомендациями по повышению эффективности национальной инновационной системы, в том числе на законодательном уровне, Астана 2014 год. АО «Национальное агенство по технологическому развитию» , Астана 2014

ҚР АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЗЕРДЕЛЕУ

Нурбаева А.Т., Жанаева А.А.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aizhan.nurbaeva87@mail.ru

Аймақтық экономика - өндіргіш күштер дамуы мен орналасуын елдің аумағындағы элеуметтік-экономикалық үрдістерді және оның аймақтарын табиғи экономикалық жағдайлармен тығыз байланыстыра зерттейтін ғылым. Аймақтар экономикасы ғылымы 20- ғасырдың 50-ші жылдары батыста

қалыптасты. Бұл ғылымды ұйымдастырушы белгілі ғалым Ү. Айзарт, ал аймақтық экономика ғылым ретінде дамуына үлес қосқандар: Гранберг, Некрасов, Добрынин, Алаев, Маршлов, Новоселов.

Аймақтық экономика - аймақтардағы өндіргіш күштердің орналасу факторларын және аймақтық дамуды зерттейтін ғылым. Академик Н.Н.Некрасовтың анықтамасы бойынша "экономикалық ғылымның саласы ретінде аймақтық экономика елдің экономикалық жүйесінде және әрбір аймақта өндіргіш күштердің дамуы мен әлеуметтік процестердің қалыптасуын анықтайтын экономикалық әлеуметтік факторлар мен жағдайларын жиынтығын зерттейді".

Аймақтың экономикалық және әлеуметтік даму аспектілерін зерттеу Ресейде ХІХ ғасырда, ал Қазақстанда ХХ ғасырдың аяғында ғылыми негізде дами бастады. Батыста аймақтық экономика "аймақтық ғылым" деп анықталады. Экономист ғалым Н.Н.Некрасовтың анықтамасында "аймақ" дегеніміз - біртекті табиғат шарттарын және өндірістік қатынастардың маңыздылығына бағытталған бір елдің ірі территориясы.

Аймақтық экономикаға теориялық - әдістемелік зерттеулер жасаған ғалымдар Альфред Вебер, Аугуст Леш, Вильгелм Кристаллер, Иоганн Тюнен, Энтони Куклинский, орыс ғалымдары Н.Барановский, Н.Комосовский және тағы да басқа АҚШ, Германия, Франция ғалымдары үлес қосқан [1].

Аймақтағы экономикалық дамуды жылдамдату үшін аймақтық саясат құралы ретінде арнайы экономикалық аймақтар өткен жүзжылдықтың 70 жылдары құрыла басталды.

Арнайы экономикалық аймақтардың пайда болуы туралы идеялар ағылшындық П. Халла мен С. Хоуль, сондай-ақ американдық С. Бутлер есімдерімен байланысты, олар әртүрлі кризистік жағдайларды мемлекеттің араласуы ірі өнеркәсіптік орталықтарды экономикалық төмендеуден сақтай алмайды деген пікірді жақтаған. Олар экономикалық және саяси әсер етудің дәстүрлі шаралары ретінде осы аумақтарда қызмет етуші кәсіпкерлерге жеңілдіктер қарастырады.

Арнайы экономикалық аумақтардың дамуы кейбір елдерде шаруашылық жүргізудің жеңілдетілген жүйесі ретінде қарастырылса, кейбіреуінде аймақтық дамудық мемлекеттік реттеу құралы ретінде қарастырылады. [2]

Арнайы экономикалық аймақтардың құрылу мақсаты:

- Инвестиция тартуға жағымды жағдайларды қалыптастыру;
- Аудандарды дамытуды жеделдету;
- Нарықтық инфрақұрылым мен кәсіпкерлікті дамыту жағдайларын қалыптастыру;
- Өндіріс пен сауда, қазіргі жетілген технологияларды, әлемдік озық тәжірибелерді пайдалану.

Арнайы экономикалық аймақтар алғашқы сатыда жеңіл және тамақ өнеркәсібіне бағытталды, бұл салалар капитал салымдарын айтарлықтай қажет етпейді және нәтижесін тез көрсетеді. Сонан соң арнайы экономикалық аймақтардың дамуы басқа салалардан да көріне бастады, оның ішінде

шикізаттық сектор да көрініс тапты. Айта кету керек, құқықтық режимдегі айырмашылық елдің басқа аймақтарымен салыстырғанда аталған аймақтарда басқаша. Бұл айырмашылықтар жеңілдіктерде, елдің қалған территориясындағы шектеулерде, мемлекеттің сыртқы экономикалық байланыстарын құқықтық реттеуден көрінеді. [5]

Арнайы экономикалық аймақтар экономиканың өсу нүктесі болып табылады және өзінің орналасқан өңірдің және елдің барлық экономикасына оң әлеуметтік-экономикалық әсер береді.

Бүгінгі күні Қазақстанда 10 арнайы экономикалық аймақ құрылды, оларды шартты түрде үш негізгі мынадай топқа бөлуге болады:

1) өнеркәсіп-өндірістік аймақтары – «Ақтау теңіз порты», «Оңтүстік», «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі», «Астана-жаңа қала» индустриялық кіші аймағы бөлігінде, «Сарыарқа», «Қорғас-Шығыс қақпасы» және «Тараз химиялық паркі».

2) қызмет көрсетуші – «Бурабай» және Астана-жаңа қала» индустриялық кіші аймағы бөлігінде.

3) техника-енгізетін аймақ – «Инновациялық технологиялар паркі».

АЭА қызметінің нәтижесінде инвестицияларды тартудың маңызды бір құралы ретінде өзінің тиімділігін көрсетті.

Жалпы соңғы бес жылда статмәліметке сәйкес белсенді жұмыс жасап жатқан АЭА аумағында өзінің жобаларын іске асырып жатқан кәсіпорындар негізгі капиталға 528 млрд. теңге инвестиция салды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 70% артпайды.

Өз кезегінде инфрақұрылымды салуға мемлекет 90 млрд. теңге бюджеттік қаражат салды. Нәтижесінде салынған бюджеттік 1 теңгеге 4 теңгеге жуық жеке инвестициялар тартылды.

Төрт АЭА аумағындағы кәсіпорындар 210,4 млрд. теңге сомасына өнім өндірді. Өнім шығару көлемі бойынша көшбасшы болып:

- «Ақтау теңіз порты» АЭА – 104 млрд.тг.

- «Астана – жаңа қала» АЭА – 72 млрд.тг.

- «ИТП» АЭА – 6,5 млрд.тг.

- «Оңтүстік » АЭА – 1,5 млрд.тг.

Қазақстандағы 10 АЭА аумағында 492 қатысушы тіркелген. Қазіргі таңда 8 АЭА алаңдарында (Қорғас және Химиялық парк Таразды қоспағанда) 60-қа жуық өндірістер іске асырылуда:

- «Астана – жаңа қала» Индустриялық аймағында 42 жоба іске асырылуда оның ішінде 7 эксплуатацияға еңгізілген.

- «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА 145 қатысушы тіркелген, оның ішінен 15-АЭА аумағынан тыс жерде орналасқан (эксаумақты). Аса табысты кәсіпорындар: Delta IT-күш құрылымына арналған байланыс құралдарының өндірісі, Alpha Network талшық-оптикалық байланыс жүйесінің бөліктерін шығаратын көшбасшылардың бірі, пассивті бөліктірді шығарады, Қазақтелекомды қамтитын LS Network құрамына кіреді;

- АЭА «Ақтау теңіз порты» 29 қатысушы тіркелген, 9 жоба іске асырылған. 20 жоба жоспарлану сатысында.

- «Оңтүстік» АЭА 23 қатысушы тіркелген, 3 жоба іске асырылған оның ішінде 2012 жылдың қараша айында қағаз өндіру жобасы эксплуатацияға еңгізілген. 2013 жылы 4 жобаны эксплуатацияға енгізу жоспарланған («Конвеерлер ағыны бар тігін фабрикасы және қолданбалы материалдарды шығаруға арналған цех»); «Картон қағазын және 3-5 қабат гофрокартон шығару проектісі»; «целлюлоз-қағазды өнім өндіру жобасы»; «Кілем шығару проектісі»).

- «Бурабай» АЭА 2 қатысушы тіркелген, 2012 жылдың желтоқсан айында «Burabay Lake Resorts Hotel» туристік ойын-сауық кешен құрылысының жобасы іске асырылған, бүгінгі таңда 2 жоба іске асырылуда.

- «Мұнай химиялық паркі» АЭА 31 қатысушы тіркелген, 1 жоба іске асырылуда-Атырау облысында интегралданған газ-химиялық кешенінің құрылысы.

- «Сарыарқа» АЭА 53 қатысушы тіркелген, 5 жоба іске асырылуда, оның ішінде 2013 жылдың 1 тоқсанында 1 жоба эксплуатацияға еңгізіледі-интерактивтік жабдықтар шығару зауыты. 6 компания нольдік циклдың құрылысын бастауға дайындалуда.

- «Павлодар» хлор-сілті өнімдерін шығаруға арналған АҚ «Каустик» кәсіпорны бар [3].

Қазіргі уақытта Қазақстандағы АЭА-ның сәтті дамуына кедергі болып отырған проблемалар:

Біріншісі - АЭА-ларды реттеу және басқарудың тиімді болмауы. АЭА бойынша уәкілетті органға келер болсақ, бүгінгі күні АЭА-ларды басқару «әр қолда» шоғырланған. Осылайша, «Астана-жаңа қала» АЭА - Астана қаласының әкімдігі, «Ақтау теңіз порты» АЭА - Маңғыстау облысының әкімдігі, «Оңтүстік» АЭА - ОҚО әкімдігі, «Оңтүстік» - ОҚО әкімдігі, «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, «Бурабай» АЭА - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі және тек «Ақпараттық технологиялар паркі» АЭА-ға қатысты - Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі уәкілетті орган болып табылады. Дегенмен, «Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтары туралы» Заңында АЭА жөнінде бір ғана уәкілетті органның болуы көзделген, ол орган Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі уәкілетті органы болып табылады.

Екіншісі - АЭА аумақтарында қажетті инфрақұрылымның болмауы. Қолданыстағы АЭА туралы Заңға сәйкес АЭА құрылып жатқан жер учаскелері қажетті инженерлік инфрақұрылымдармен қамтамасыз етілуі қажет. Бірақ, қазіргі уақытта мемлекет аймақтарды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржыландыру жүзеге асырылып жатқан жоқ.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – мемлекеттің және оның өңірлерінде ауыл шаруашылығының инвестиция механизмін әзірлеу және жетілдіру болып табылады. Инвестициялық процесті жаңғырту өндірістік қуатын ұлғайтуға, сондай-ақ қаржылық тұрақтылыққа жетуге және тиісінше, инвестициялар функцияларын ұдайы сақтау және кеңейту үшін, ауыл

шаруашылығында дағдарысты табысты еңсеруге үлес қосу үшін бағытталуы тиіс [4].

Инвестициялық ахуалды қалыптастыру кезінде теріс рөлді атқаратын бірқатар басты проблемалар бар, олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

1. Инвестициялар көлемінің экономиканың қажеттіліктеріне сәйкессіздігі.
2. Инвестициялық белсенділіктің географиялық сәйкессіздіктері.
3. Салалық инвестициялық белсенділіктің айтарлықтай тең еместігі.
4. Негізгі капиталға инвестициялардың төмен деңгейі.

Елге ағылатын инвестициялардың шектілігінің себебін талдау шетелдік инвесторлардың өздерінің және мамандандырылған әлеуметтік ұйымдардың берген бағаларына да негізделген [6].

Отандық және шетелдік мамандардың бағалауы бойынша, инвесторларды ең алдымен мынадай факторлар алыстатады: елдегі еркін экономикалық аймақтардың жеткіліксіз саны; жалпы алғандағы заңнамалық базаның тұрақсыздығы; инвестициялық жобалар үшін қаржыландырудың жоқтығы; іскерлік ақпарат нарығының дамымағандығы; көліктік инфрақұрылымның дамымағандығы.

Осы тексерулер бойынша мынадай теріс факторлар келтіріледі, олар:

- инвестициялық жобаларды іріктеудің жетілмеген жүйесі, бұл әлеуетті инвесторларды одан әрі инвестиция салудан бас тартуға мәжбүрлейді;
- шетелдік инвесторларға деген қатынас қалаулы кәсіпкерлер ретінде емес, қаражат көзі, салықтық түсімдер немесе пара түсімдерінің кезі ретінде қарау;
- заңнаманың шатасқандығы, қарама-қайшылығы, бірізді қолданбайтындығы немесе заңнаманы толық менсінбеушілік.
- Заңдар мен шарттық қатынастардың сақталуын қамтамасыз ететін сенімді тетіктердің болмауы;
- инвесторларға қажетті ақпаратты ұсынып отыратын немесе кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға жәрдем ететін, ұйымдасқан инвестициялық қызметтің жоқтығы;
- инфрақұрылымның шетелдік фирмалардың қажеттіліктеріне сай келмеуі;
- заңды тұлғалар үшін тұрақсыз, үнемі өзгеріп отыратын салықтық режим.

Аса ірі батыс инвесторлардың арасында Салықтар және инвестициялар жөніндегі халықаралық орталықтың (әрі қарай - СИХО) жүргізген әлеуметтік сауалнамасы, Қазақстанның олар үшін іскерлік қызығушылық тудыратын мынадай бес себебін айқындап берді: ірі нарықтық әлеует; табиғи ресурстардың молдығы; стратегиялық іскерлік орналасуы; өңірдегі басқа бәсекелестердің ниетін айқындау; инвестициялардан түсетін әлеуетті пайданың көлемі. Ал аса тартымды болғандар: мұнай мен газдың резерві; өндіріс; қызмет аясы (бухгалтерлік есепті және заңдық қызметтерді қоса алғанда); тұтынушылар кооперациясы.

Сонымен қатар, шетелдік инвесторларының тежеп тұратын, ал кейде үркітіп те жіберетіндер: іскерлік мәселелерді шешудің бюрократиялық әдістері, қаржылық тәуекел, шаруашылық қатынастар бойынша заңнаманың жиі ауысуы және әлсіз құқықтық инфрақұрылым, бөлу арналарының жоқтығы.

СИХО пікірі бойынша, шетелдік капиталды тарту және қолдану саясаты үшін жауапты мемлекеттік органдардың инвестицияларды тарту бойынша жұмыстарының жеткіліксіз тұстары бар. Басқаруды ұйымдастыру деңгейінің төмендігінен:

- Инвестицияларды тарту және пайдаланудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданбады;

- қолданыстағы заңнамалық база шетелден келетін инвесторларды ынталандыруға ғана бағытталмаған, бірақ жекелеген жағдайларда оларға кедергі келтіреді;

- шетелдік инвестицияларды басқарудың нақты жүйесінің болмауы;

- шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыстың болмауы [7].

Шетелдік инвестицияларды Қазақстанға тарту мынадай мәселелерді шешуге көмектеседі:

- экономикалық және техникалық өрлеуді жеделдету;

- өндірістік аппаратты жаңарту мен қайта жарактандыру;

- өндірісті ұйымдастырудың үздік әдістерін үйрету;

- нарықтың экономикалық талаптарына сай кадрларды дайындау;

Біздің стратегиялық міндетіміз - бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу. Сондықтан да мемлекет пен жеке меншік сектор өзара сенім мен тиімділікке негізделген әріптестік қатынастарын жолға қоюы керек.

Шетелдік инвестицияларды тартудың нәтижелілігі төмендегіше болуы тиіс:

1. экспортқа бағытталған өндірістер көлемінің көбеюі;

2. егеменді мемлекет ретінде ел алдында тұрған стратегиялық мақсаттарға жету жолында тұрған ең маңызды салаларға капитал тарту;

3. импорт сиымды өндірістің қалыптастырылуы (ұлттық тұтыныстағы тауарлар өнімін дамыту, азық-түлік өнімі; медикаменттер);

4. ғылыми негіздегі өндірістерді ұйымдастыру және олардың көмегімен сұранысы жоқ жеке ғылыми мүмкіндікті игеру;

5. негізгі өндіріс күші – адамға маңызды жағдайлар жасау мақсатындағы қызмет көрсету салаларын қалыптастыру;

6. өндірістік инфрақұрылымды дамыту, әсіресе көлік, байланыстар мен ақпараттар, жол құрылысы;

7. еңбек артықтығы, ең алдымен, елдің оңтүстік аймақтарына шетелдік капитал түсімінің жәрдемі.

Егер, біздің мақсатымыз дүние жүзілік шаруашылыққа интеграциялау және ашық экономика принциптерін қолдау болса, онда капиталдарды Қазақстанға келтіру және оны импорттау ауадай қажет процесс. Олай болса біздің іс-қимылдарымыздың басты бағыттарының бірі – шетелдік инвестицияларды тарту және оларды мүмкіндігінше тиімді пайдалану болуы тиіс.

Қорытындылай келе мыналарды атап өтуге болады, шетелдік инвесторлар мен зерттеу ұйымдарының пікірлеріне сәйкес, қазіргі кездегі мемлекеттің инвестицияларды тарту жөніндегі жүргізіп отырған жұмыстары жеткілікті емес

және жүйелі болып табылмайды, елдің және экономиканың мүдделерін халықаралық капитал нарығында білдіру жөніндегі мамандандырылған орган құру арқылы мемлекеттің инвестицияларды тарту бойынша әрекеттерін ұйымдастыруды жақсартуды және мемлекеттің күшін шоғырландыруды талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Арыстанбеков К. Экономическая политика Казахстана в условиях высокого уровня иностранных инвестиций // Вопросы экономики.- 2004.- № 8.- с. 110-119
- 2 Донских А. Русла для иностранных инвестиций // Казахстанская правда .- 2004.- 10 марта.- с. 2
- 3 Джумахметова А. Правовое понятие инвестиций, его виды и состав // Экономика и право Казахстана .- 2005.- № 14.- с. 52-54
- 4 Арыстанбеков К. Экономическая политика Казахстана в условиях высокого уровня иностранных инвестиций // Аль-Пари.- 2004.- № 4.- с. 17-28
- 5 <http://1referat.kz/ekonomika>
- 6 <http://www.kazinvest.kz/web/invest-klimat-kazahstana>
- 7 invest.mid.gov.kz/

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Нурбаева А.Т., Тағатова Ж.С.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана қ, Қазақстан Республикасы
E-mail: aizhan.nurbaeva87@mail.ru

XXI ғасыр жүзжылдық ғаламдық инновацияның өркендеу ғасырына айналатынын қазіргі әлем елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамытудың әлсіз жақтары оны жетілдірудің нарықтық механизмдерінің инновациялық түрлерін одан ары жақсартуды қажет етіп отыр. Кәсіпкерлікті шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынадай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты [1].

Теориялық талдау негізінде инновацияны түсіндіруде екі көзқарас қалыптасқан: